

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРМЕН
(МӘСЛИХАТТАРМЕН) ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ
ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 17 наурыз

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының Орынбасары, Кеңес Төрағасы А.О.ШӘКІРОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер, шақырылған лауазым иелері мен қонақтар! Бүгінгі өткізіліп отырған іс-шара Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес отырысына арналған.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі іс-шараға Сенат Төрағасы Мәулен Сағатханұлы қатысып отыр.

Кеңес отырысына Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Ерғалиев Әсет Арманұлы шақырылды.

Келіп, қатысып отырғандарыңызға рақмет.

Бейнеконференц жүйесі арқылы облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және аудандық мәслихаттардың хатшылары мен депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері мен сарапшылары қатысып отыр. Олардың толық тізімі алдарыңызда бар.

Құрметті әріптестер! Бірінші кезекте мәслихаттар депутаттарын партиялық тізімдер бойынша алғаш рет өткізілген ағымдағы жылдың басындағы сайлаудың табысты аяқталуымен құттықтағым келеді.

Барлық деңгейдегі мәслихаттардың жаңа көппартиялы құрамы қоғамдағы саяси бәсекелестіктің өскенін көрсетті.

Осы тарихи кезеңде сенім мандатын алған депутаттар халықтың үмітін ақтап, елімізге адал қызмет ететініне сенімдімін.

Құрметті қатысушылар! Кеңес отырысында кіріспе сөз сөйлеу үшін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Әшімбаев Мәулен Сағатханұлына сөз беріледі.

ӘШІМБАЕВ М.С. Рақмет.

Құрметті әріптестер! Сенат жанындағы жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес отырысына қош келдіңіздер! Қаңтарда өткен сайлау қорытындысы бойынша Мәжіліс пен мәслихат құрамы айтарлықтай жаңарды. Сондықтан біз бүгін жаңа құрамда кездесіп отырмыз. Осыған орай мәслихаттар сайлауында жеңіске жеткен әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймыз. Өңірлерді дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға арналған барлық жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілейміз.

Өткен сайлауда Елбасы мен Мемлекет басшысының бастамасымен жүргізіліп жатқан саяси реформалардың әлеуеті іске асырылды деуге әбден болады.

Алғаш рет мәслихат депутаттары партиялық тізім бойынша сайланды. Әйелдер мен жастарға арналған квота да алғаш рет қолданылды. Парламенттік оппозиция институты да ресми түрде қалыптасып жатыр. Пандемияға байланысты шектеулерге қарамастан үгіт-насихат жұмыстары өте белсенді жүргізілді. Сайлау нәтижесінде жергілікті өкілді органдар құрамының шамамен 70 пайызы жаңарды. Өртүрлі партиялардан сайланған депутаттардың саны көбейді. Әйелдер мен жастардың саны да арта түсті. Жалпы, өткен сайлау халқымыздың мүддесін қорғау жолында аянбай еңбек ететін мәслихаттардың құрамын қалыптастырды деп айтуға толық негіз бар.

Құрметті отырысқа қатысушылар! Біз биыл еліміздің тарихындағы айтулы кезең – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын атап өтеміз.

Осы жылдарда елімізді кешенді дамыту үшін Елбасы саясатының аясында қыруар жұмыс жасалды. Ауыз толтырып айтатын жетістіктеріміз де аз емес. Сонымен қатар әлемдік үрдістердің нәтижесінде жаңа сын қатерлер де пайда болуда. Сол себепті Президент қоғам өмірінің барлық саласын одан әрі жаңғыртуды көздейтін бағдарды ұсынып, оны дәйекті түрде жүзеге асырып келеді.

Президенттік реформалардың басты мақсаты қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру. Алдағы бес жылда халықтың нақты табысын 2019 жылғы дағдарысқа дейінгі деңгейден кемінде 27 пайызға өсіру міндет етіп қойылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкімет бизнесті қолдауға, экономикалық белсенділікті қалпына келтіруге арналған маңызды шаралар қабылдауда. Ең алдымен әртараптандырылған экономика құру көзделіп отыр. Қайта өндіруді дамытуға, агроөнеркәсіп кешенін жаңғыртуға, жаппай цифрландыруға, салық саясатын жетілдіруге және экспортты қолдауға басымдық берілуде.

Мемлекет басшысы кәсіпкерлікті, оның ішінде шағын және орта бизнесті қолдау мен қорғауға баса мән беріп келеді. Өңірлердің теңгерімді дамуын қамтамасыз ету де негізгі міндеттердің бірі. Соның аясында 2025 жылға қарай жан басына шаққандағы Жалпы өңірлік өнім бойынша алшақтықты кемінде 20 пайызға қысқарту көзделуде.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы әлеуметтік саясатқа ерекше назар аударып отыр. Бұл денсаулық сақтаудың қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру, білім беру мүмкіндіктеріндегі алшақтықты қысқарту, атаулы әлеуметтік көмекті дамыту, зейнетақы жүйесін жетілдіру сияқты нақты міндеттерді қамтиды. Сондай-ақ жұмыспен

камту және жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашу бағытындағы бастамалар қарқын алып келеді.

Баспана мәселесін шешу де аса маңызды әлеуметтік міндеттердің бірі екені сөзсіз. Кезекте тұрған азаматтарға жеңілдетілген несие беру үшін «Шаңырақ» бағдарламасы қолға алынды. Әлеуметтік тұрғын үй құрылысына да қаражат бөлінуде.

Баспана мәселесін шешу ең алдымен жергілікті жерлердегі жұмыс сапасына байланысты екені белгілі. Сондықтан бұл жағдайды мәслихат депутаттары өз бақылауларында ұстауы аса маңызды.

Президенттің тапсырмасына сәйкес мемлекеттік органдардың тиімділігін арттыруға арналған мемлекеттік жоспарлау мен басқарудың жаңа үлгісі енгізіліп жатыр. Әділдік қағидатына негізделетін мемлекеттік қызмет кадрларын іріктеу мен ілгерілету жүйесі жаңғыруда.

Мемлекет басшысы қазіргідей күрделі жағдайда бюджет қаражатын оңтайлы пайдалану мәселесіне баса назар аударып отыр. Бұл ретте жергілікті бюджеттерді бекітетін және олардың атқарылуын бақылайтын мәслихаттар маңызды рөл атқаратынын айтуымыз керек. Сондай-ақ саяси жүйені жаңғырту ісі де жалғаса береді.

Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың ашық болуын талап етуде. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасынан туындайтын қадамдар екені анық. Саяси жаңғырудың аясында ауыл әкімдерін сайлауға дайындық жүргізілуде.

Құрметті әріптестер! Президент бастамашы болған реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін Сенат депутаттары белсенді жұмыс істеуде.

Экономикалық өсімді қалпына келтіру үшін бірқатар маңызды заң актілері қабылданды. Олардың қатарында Салық кодексіне енгізілген өзгерістерді атап өтуге болады. Соның аясында азаматтарға салынатын салықтарды азайтуға және шағын және орта бизнес пен инвесторларға қолдау көрсетуге ерекше көңіл бөлінді.

Медициналық қызмет көрсету сапасын жақсартуға арналған жаңа «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі қабылданды.

Табиғатты сақтаудың тиімділігін арттыратын Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің де жаңа редакциясы қабылдадық.

Сондай-ақ Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылданғанын білесіздер. Ол құқықтық қатынастар саласындағы әкімшілік рәсімдер мен сот ісін жүргізудің құқықтық негіздерін, қағидаларын және ережелерін белгілеу үшін әзірленді.

Былтыр Мемлекет басшысының саяси реформаларын іске асыру үшін заңнамалық негіз қалыптастыруға да ерекше көңіл бөлдік. Әр заң

жобасы Сенаттың тұрақты комитеттерінде жан-жақты талқыланып, жұртшылық пен сарапшылардың пікірлері ескерілді.

Жалпы, өткен жылы Парламент 110 заңды қарап, қабылдады. Олардың 27-іне Парламент депутаттары бастамашы болды. Осындай нақты жұмыстарды Сенат биыл да жалғастыруда.

Мемлекет басшысы VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында маңызды міндеттерді белгілеп берді. Қазіргі таңда Әлеуметтік кодекстің жобасы әзірленіп жатқанын білесіздер. Аталған құжаттың негізінде осы саладағы барлық нормативтік құқықтық актілер жүйеленеді. Бұл азаматтарымыз үшін қолайлы жағдай туғызатыны анық. Сондай-ақ «Өнеркәсіптік саясат туралы», «Қоғамдық бақылау туралы» және басқа да заң жобаларын қарауымыз қажет.

Өткен аптада Мемлекет басшысы жерді шетелдіктерге сатуға және жалға беруге біржола тыйым салуды көздейтін заң жобасын өзі бастамашы болып Парламентке жіберді. Сол заң жобасын депутаттар көп созбай қарап, қабылдайтын болады.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысында Президент Үкіметке жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бойынша заң жобасын дайындауды тапсырды. Бүгінгі күні тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Парламент алдағы уақытта мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлу бойынша түзетулерді қарайды. Соған сәйкес орталық атқарушы органдардан жергілікті жерлерге бірқатар функцияны беру көзделіп отыр.

Құрметті жиынға қатысушылар! Қазір Парламент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарастыруда. Бұл заң жобасын қарау кезінде өңірлердегі әріптестеріміздің пікірін ескеруіміз керек. Бүгін сол құжаттың негізгі ережелерін талқылау ұсынылады.

Заң жобасы жергілікті билік органдарына қосымша функциялар беруді, бюджеттік рәсімдерді жеңілдетуді, мәслихаттар жұмысының тиімділігін арттыруды көздейді. Сондай-ақ ауылдық округтар деңгейіне қосымша салық түрлері беріледі. Бұл олардың мүмкіндіктерін кеңейтетіні сөзсіз. Осы заң жобасы туралы бүгін Ұлттық экономика министрі толығырақ айтып береді. Баяндамадан кейін ұсыныстарыңызды айтуға мүмкіндік болады.

Құрметті әріптестер! Сенаттың жұмысындағы негізгі басымдықтардың бірі – өңірлерді дамыту.

Біздің депутаттардың басым бөлігі мәслихаттардың таңдауы арқылы сайланады. Осы ретте Сенат әр өңірдің мүддесін ескеріп, оны камтамасыз етуге жұмыс істейтін Палата екенін атап өткім келеді.

Осы бағытта алдағы уақытта сенаторлар мәслихат депутаттарымен бірге нәтижелі жұмыс істейді деп сенеміз. Сонымен қатар Сенат депутаттары мен олардың сайлаушылары арасындағы тұрақты байланыс сапалы заң шығарудың маңызды шарты екені анық. Сол себепті Сенат депутаттары үнемі аудандық, қалалық, облыстық мәслихаттармен өзара тығыз байланыста болуы керек. Соның барысында жергілікті деңгейдегі өзекті мәселелер және қолданыстағы заңнаманың тиімділігі талқыланады. Нәтижесінде біз халықты толғандырған мәселелерді анықтап, оларды шешудің тиімді жолдарын қарастыратын боламыз.

Жұмысымыздағы маңызды бағыттардың тағы бірі халыққа Мемлекет басшысының саясатын және қабылданған заңдардың мәні мен маңызын түсіндіру. Сол үшін сенаторлар өңірлердегі маңызды іс-шараларға тұрақты түрде қатысады. Біз осылай Сенат пен мәслихаттар арасындағы өзара іс-қимылдың тиімді тетігін қалыптастыра аламыз.

Бүгінгі жиынымызда осы бағыттағы өзекті мәселелер бойынша пікір алмасып, нақты ұсыныстар айтылады деп ойлаймын.

Құрметті әріптестер! Бәріміздің мақсатымыз бір – елімізге, халқымызға аянбай қызмет ету. Осы жолда бәріміз бірлесіп, нәтижелі еңбек етеміз деп сенемін.

Назар қойып тыңдағандарыңыз үшін рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, өте маңызды, жан-жақты мазмұнды сөзіңізге рақмет.

Құрметті қатысушылар, енді кеңес отырысының бағдарламасы мен өткізу регламентін бекітіп алайық.

Бағдарламаның жобасы алдын-ала таратылған, қарсылық болмаса бекітейік.

Регламент бойынша баяндамашыларға 10 минутқа дейін уақыт беріледі, сіздерден регламентті қатаң сақтауды сұраймын. Жұмысымызды 1 сағат 30 минуттан аспайтын уақыт көлемінде аяқтасақ деймін. Қажет болса шақырылған қатысушылар баяндамашыларға жазбаша түрде сұрақтар қоюға болады. Қарсы жоқ болса, осы регламентті бекітіп, жұмысымызды бастайық.

ОРНЫНАН. Қарсы емеспіз.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биліктің аудандық, қалалық және ауылдық деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы аясында жергілікті мемлекеттік басқаруды дамытудың негізгі тәсілдері

тақырыбында баяндама жасау үшін сөз Ұлттық экономика министрі Ерғалиев Әсет Арманұлына беріледі.

ЕРҒАЛИЕВ Ә.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Мемлекет басшысының 2019 жылғы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленген биліктің аудандық, қалалық және ауылдық деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту жөніндегі заң жобасы әзірленді. Заң жобасында бірқатар нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді. Олардың ішінде:

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің кіріс базасын кеңейту;

бюджеттік рәсімдерді оңайлату;

әкімшілік-аумақтық бірліктерге қойылатын талаптарды жетілдіру;

жергілікті өкілді және атқарушы органдардың дербестігін кеңейту және жауапкершілігін күшейту.

Ұсынылған негізгі нормаларға толығырақ тоқтала кетейін.

Бюджетті нығайту мақсатында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бюджеттің төртінші деңгейге қосымша салықтар мен төлемдердің төрт түрін беру ұсынылады. Жоғары тұрған деңгейлердегі бюджетке ұқсас 20 пайыздан аспайтын көлемде ауылдық округ әкімі аппараты үшін бюджетке түзетулер енгізу көзделіп отыр. Қаржы жылы кезеңінде аудан және ауылдық округ бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемінің өзгеруіне жол бермейтін Бюджет кодексіне нақтылаушы норманы енгізеді. Осылайша ауылдық округ әкімдерінде субвенцияларды азайту немесе алып қоюды ұлғайту қауіп тудырмайды және ауылдық округтердің салық салынатын базасын ұлғайтуға ынталандырады.

Сондай-ақ мәслихаттардың шешімдерін әділет органдарында тіркеу қажеттілігі бойынша норманы алып тастап, бюджеттерді бекіту рәсімін оңайлату ұсынылып отыр. Қазіргі уақытта заңнамада қалаларды елді мекендердің басқа түрлеріне қайта құру жөніндегі нормалар жоқ.

Әкімшілік-аумақтық бірліктер санатын өзгерту тәртібін анықтауды ұсынамыз. Осы заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда қала мәртебесін бес жыл ішінде, ал ауылдар мәртебесін үш жыл ішінде өзгерту жүзеге асырылады, яғни жергілікті атқарушы және өкілді органдар осы кезеңде елді мекендердің келешегін ескере отырып, экономикалық дамуы үшін шаралар қабылдауы тиіс. Сондай-ақ мәслихат пен оның депутаттарының мәртебесін арттыру бойынша бірқатар түзетулер қарастырылған.

Мәслихат сессиясы төрағасының қызметін таратып, оның өкілеттігін мәслихат хатшысына беру ұсынылады. Сонымен қатар

Парламент Сенаты жанындағы Жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің ұсынысымен әрбір облыс пен республикалық маңызы бар қалаларда мәслихаттардың тұрақты комиссия төрағаларының босатылған екі лауазымын енгізу ұсынылады.

Сондай-ақ мәслихат депутаттарына депутаттық қызметті жүзеге асыруға байланысты біліктілікті арттырудан өту құқығы беру ұсынылып отыр. Бүгінде заң жобасы Парламент Мәжілісінің бірінші қарауынан өтті.

Сондай-ақ азаматтық белсенділікті арттыру және жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайту мақсатында министрлік аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің тікелей сайлауын енгізу мәселелері бойынша заң жобаларын әзірледі. Наурыз айының соңына дейін заң жобалары Парламент Мәжілісіне енгізілетін болады.

Кандидаттарды ұсыну үшін мыналар қарастырылған:

саяси партиялар қатарынан өз мүшелерін ұсыну;

дауыс беруге құқығы бар тиісті округ сайлаушыларының жалпы санынан қол жинау арқылы кемінде 1 пайыз болған жағдайда өзін-өзі кандидаттыққа ұсына алады;

егер ұсынылатын кандидат саны екіден кем болса, онда аудан әкімімен ұсыну қарастырылған.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлау өкілеттік мерзімдерінің аяқталуына қарай жүзеге асырылады және жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады. Ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында тікелей сайлау 836 әкімге тиісті болады.

Сондай-ақ 2012 жылы қабылданған жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын іске асыру мерзімі биыл аяқталғанын атап өткім келеді. Осыған байланысты министрлікпен таяудағы онжылдыққа арналған жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың жаңа тұжырымдамасының жобасы әзірленді. Тұжырымдаманы іске асыру екі кезеңде көзделіп, қаржылық мүмкіндіктерді күшейтуге, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мәртебесін арттыруға, өңірлерді бюджеттік қаржыландырудың жаңа моделін айқындауға, өкілді орган құруға, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді бөлуге және өзін-өзі басқаруға бағытталған. Бүгінгі таңда тұжырымдама жобасы Президент Әкімшілігінің қарауында.

Тұжырымдаманы қабылдау 2030 жылға қарай өңірлердің аумақтық, экономикалық, әлеуметтік жағдайларына сәйкес келетін, сондай-ақ тұрғындар мен тұтастай мемлекеттің мүдделеріне сай келетін жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Құрметті депутаттар, біз қабылдайтын шаралар, сондай-ақ мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың жергілікті органдарын одан әрі дамыту тәсілдері өңірлерді азаматтық қоғамның белсенді қатысуымен өз функцияларын іске асыру үшін барынша дербестікпен және жауапкершілікпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мен нығайтуға халықтың жағдайы мен әл-ауқаты ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен сенімділігі де артатын болады.

Жергілікті билік пен өзін-өзі басқару органдарының тәуелсіздігі мен жауапкершілігін кеңейтуде маңызды рөл Парламент Сенаты жанындағы Жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңеске жүктелген. Осы заң жобасында кеңес ұсынған барлық ұсыныстарды ескердік.

Сіздерге жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды дамытуға қосқан үлестеріңіз үшін алғыс білдіреміз.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Әсет Арманұлы, баяндамаңызға рақмет. Расында биліктің аудандық, қалалық және ауылдық деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелеріне арналған заң жобасын қабылдау жергілікті маңызы бар мәселелерді неғұрлым жедел шешу, мәслихаттар мен олардың хатшыларының мәртебесін арттыру, сондай-ақ мәслихат қабылдайтын шешімдердің сапасы тұрғысынан аса маңызды болып табылады.

Құрметті әріптестер, келесі баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті кеңес қатысушылары! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің халыққа арналған жолдауларында жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару принциптерін жетілдірудің маңыздылығын бірнеше рет атап өткен болатын. Осыған байланысты жаңа айтылып өткендей, Парламент Мәжілісінде қаралып жатқан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасында жергілікті, өкілді және атқарушы органдарының құқықтары мен өкілеттіктерін кеңейтуге қатысты бірқатар нормалар енгізілген, әсіресе жергілікті мәслихаттардың қызметін жақсартуға бағытталған маңызды нормалар қарастырылған. Мәслихат хатшыларына сессияны шақыру, оған төрағалық ету құқықтарының берілуі, тұрақты комиссиялар төрағаларына ақылы негізде жұмыс істеуге мүмкіндік жасалуы,

мәслихаттардың жұмысын жандандырып, қабылданатын шешімдердің сапасын арттыратындығына күмән жоқ.

Мәслихат халықтың тұрмыс-тіршілігіне, мұң-мұқтажына лайықты, аймақтың өсіп өркендеуінде қажетті шешімдер қабылдай алатын болуы керек, сонымен тікелей айналысатын аппараты, тәжірибелі қызметкерлері, лауазымды адамдарының лайықты статусы болғаны абзал. Сондықтанда осы заң жобасындағы уәкілетті органның барлық ұйымдастыру жұмыстарын басқаратын лауазым иесін «мәслихат хатшысы» деп емес, «мәслихат төрағасы» деп ауыстырса болатын сияқты.

Жерлерде мәслихаттар рөлінің күннен-күнге арта түсетіні күмәнсіз. Халық пен билік арасында көпір болатындар да сол мәслихаттар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жариялаған саяси реформаларды жүзеге асыру барысында алдымен ауыл әкімдерін, содан соң аудан, қала әкімдерін сайлау кезінде де халықтың арасындағы тұрақтылықты қамтамасыз етуде, түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруда, ынтымақ пен бірліктің ұйытқысы болу мәслихаттардың, оның депутаттарының негізгі міндетіне айналмақ. Сондықтан мәслихаттардың өкілеттілігін кеңейту, беделін көтеру, соған лайықты қосымша шараларды енгізу осы заңмен ғана шектелмейтін болар деп есептейміз.

Аталмыш заң жобасында әкімшілік-аумақтық құрылысқа қатысты көптеген жаңа нормалар енгізіліп отыр, елді мекендерді, ауыл-аумақтарды дамытудың жақсы негіздемелері қарастырылған. Сенаттағы ауыл-аумақтарды дамыту тақырыбына арналған парламенттік тыңдауда елді мекендер шекарасын белгілеу, әкімшілік-аумақтық бірліктер санатын өзгертудің тәртібін бекіту туралы ұсынымдардың осы заң жобасында ескерілгендігі қуантады.

Осы жерде бір мәселеге назар аударғым келеді. Бұрынғы кеңшарлар мен ұжымшарлардың жекешеленіп, бөлініп кетуіне байланысты көп аудандардағы ауыл округтерінің шекаралары әлі нақтыланбаған, оларды белгілеудің заңды негіздемелері айқындалмаған. Сондықтан да жоғарыда айтылған заң жобасындағы бірыңғай жер салығын төртінші деңгейдегі бюджетке түсіру туралы нормалардың іс жүзінде атқарылуы қиын болмақ, себебі кейбір өндірістік кооперативтер мен шаруа қожалықтарының жерлері аудан көлемінде бірнеше ауылдық округтерді қамтиды. Бірыңғай жер салығын ауылдық округтер арасында бөлудің тиісті механизмдері жасалмаған, бюджеттерді толықтыру кезінде түрлі дау-дамай тудыруы мүмкін. Ұлттық экономика министрлігі осы жағдайды ескереді ғой деп ойлаймын.

Тағы бір айтылатын мәселе жайылымдар туралы. Жайылымдардың жетіспеуі көптеген ауыл тұрғындарын алаңдатып отырған ең күрделі проблемаға айналып отыр. Ағымдағы жылдың 19

ақпанында өткен «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының іске асырылуы» тақырыбына арналған комитетінің кеңейтілген отырысы түйінді мәселелердің көп екендігін көрсетті, оның ең үлкені ортақ жайылымдардың жетіспеушілігі. Халықтың айтатыны да осы. Игерілмей жатқан жайылымдарды қайтарып алып, тұрғындарға беру жөнінде тапсырмалар да бар. Бірақ соңғы бес жылда қайтарылған 5,1 миллион гектар жайылымның 7,2 мың гектары ғана елді мекендер жанында орналасқан. Қалғанының барлығы шалғайда жатыр. Сонда біз кімді алдаймыз? Халыққа түк пайдасы жоқ жағымды статистиканың кімге керегі бар? Елді мекендер жанындағы игерілмеген жерлер сол күйі игерілмей жатыр, оны алып қою жөнінде әкімдіктер шарасыздық танытуда. Жайылымдар проблемасы мәслихат депутаттарының алдында да жиі айтылып жүр. Заң жүзінде барлық механизмдер қаралған. Тек әкімдіктер мен мәслихаттардың табанды, бірлескен іс-қимылдары керек. Мүмкін қоғамдық кеңестер мен қоғамдастық жиындардың, басқа да жергілікті өзін-өзі басқару институттарының мүмкіндіктерін пайдалану қажет шығар. Тіпті елді мекендер ішінде ұсталатын малдың санын, жайылымға шығарылатын мал басын анықтау құқығын да сол қоғамдық қауымдастықтарға берген дұрыс болар. Дәл осы сияқты тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне тікелей қатысты, өздері шешім қабылдап, өздері қадағалап отыруға болатын проблемалар қалаларда да, ауылдарда да жетеді. Сондықтан жергілікті өзін-өзі басқару институттарының азаматтық қоғамды қалыптастырудағы рөлін заң шеңберінде арттыра түсу өте маңызды деп ойлаймыз.

Бүгінгі кеңеске Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі Ерғалиев Әсет Арманұлының қатысып отырғанын пайдалана отырып, тағы бір маңызды мәселені айтқым келеді. Мемлекет өз өкілеттіктерін бөлісіп, жергілікті органдарға қосымша құқықтар мен жауапкершіліктер арта отырып, оларға бюджет қалыптастырудың қосымша тетіктерін де беруі қажет. Мемлекеттік бюджет бізде шектен тыс орталықтандырылған күйінде қалып отыр. Барлығы жоғарыда жоспарланады, бағдарламалар да, жол карталары да, оларға енгізілетін инвестициялық жобалар да орталық органдарда жинақталып, республикалық бюджет комиссиясында мақұлданып, Үкіметте қабылданып, содан соң жергілікті бюджеттерге мақсатты трансферттер ретінде жіберіледі. Әйтеуір бір нысан болса да салына берсін деген мақсатпен дайын жобаларды ұсына салу әкімдіктердің әдетіне айналған.

Жоғарыдан келген бюджетті қабылдап жіберуге мәслихаттар да мәжбүр. Жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары бойынша да солай.

Президент айтқандай, жергілікті дамуды ынталандыратын бюджетаралық қатынастың жаңа жүйесін қалыптастыратын уақыт келеді. Мәслихаттар мен әкімшіліктер әр қала мен ауданның, ондағы

әрбір елді мекеннің әлеуметтік төлқұжатын жасай отырып, халық санына, ел жағдайы мен жер жағдайына байланысты қандай инфрақұрылым, қандай кәсіпорын салу керек екендігін өздері анықтауы, өздері жоспарлауы тиіс деп есептейміз. Сонда ғана жергілікті биліктің абыройы мен беделі де, өңір тұрғындарының алдындағы жауапкершілігі де арта түседі.

Тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Әли Әбдікәрімұлы, мазмұнды баяндамаңызға рақмет, өте маңызды, орынды мәселелерді көтеріп отырсыз.

Құрметті әріптестер, жаңа ғана төрағамыз айтқандай, жалпы ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері Сенаттың назарында. Әли Әбдікәрімұлы атап өткендей, өткен жылы қазан айында осы мәселеге қатысты Сенатта парламенттік тыңдау өтті. Оның нәтижелері бойынша Үкіметке бірқатар ұсынымдар жолданып, олар іске асырылуда.

Жалпы ауылдық, экономикалық демографиялық және мәдени әлеуеті өте зор, оны тиімді пайдалануымыз керек. Ол үшін ең алдымен ауылдық аумақтарды мемлекеттік және жергілікті басқарудың тиімді механизмін қалыптастыру қажет.

Следующее слово для доклада предоставляется Секретарю маслихата города Алматы Канкурову Станиславу Владимировичу.

КАНКУРОВ С.В. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! VII шақырылымдағы Алматы қаласы мәслихаты өз жұмысында жергілікті өкілді органдар қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру бойынша Елбасының және Қазақстан Республикасы Президентінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын басшылыққа алып, өз қызметін бастады.

Алматы қаласы мәслихатының құрамы VII шақырылымда 72 пайыз жаңартылды, депутаттардың орта жасы 5 жылға жасарды және партиялық өкілдік 4 партиялық фракцияға дейін кеңейтілді. Осы жағдайда мәслихаттың конструктивті және жүйелі жұмысын қалыптастыра отырып, жаңа басымдықтарды барынша тиімді пайдалану мақсаты тұр.

Осы арнада барлық депутаттық фракциялардың қатысуымен кездесулер өткізілді. Партиялардың қалалық филиалдарының барлық басшыларымен тығыз өзара іскерлік қатынас қалыптастырылған. Парламент Мәжілісінің үлгісінде партияаралық кеңес құру жоспарланған.

Заңнама, бұқаралық сөйлеу тәжірибесін жетілдіру және әлеуметтік маркетинг салаларында депутаттардың біліктілігін дамыту мақсатында бірқатар семинарлар өткізу жоспарлануда. Жеке депутаттарға мемлекеттік тілді меңгеру бойынша курстарды өту үшін кәсіби тренерлерге жүгіну ұсынылды.

Әр депутат үшін депутаттық қызмет және негізгі бағдарламалық құжаттарды жүзеге асыру туралы жадынамалар әзірленді.

Комиссиялардың жұмыс тәртібімен таныстыру мақсатында мемлекеттік органдар басшыларының қатысуымен мәслихаттың тұрақты комиссияларының алғашқы отырыстары ұйымдастырылды. Комиссиялар өз жұмыстарын бастап кетті, бүгінгі күнге 16 сұрақ қарастырылды.

VII шақырылым депутаттарының қатарынан әкімдіктің құрылымдық бөлімдері жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың мүшелерін жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Депутаттардың ұсыныстарының негізінде Депутаттар рейтингісі (КРІ) туралы ереженің жобасы әзірленуде. Бұл өз ретінде депутаттардың тиімділігінің, тәртібі мен жауапкершілігінің артуына ықпал етеді.

Әлеуметтік желілерде және сайтта алдын ала ашық жариялаумен мәслихатта аптасына екі рет Zoom арқылы азаматтарды қабылдау басталды. Мәслихаттың ұсынысы бойынша партиялардың қаладағы филиалдарының барлығы қоғамдық қабылдауларын ашты. Аудан әкімдіктерінде депутаттардың азаматтарды қабылдауын ұйымдастыру жоспарлануда. Мәслихатта Сенат және Мәжіліс депутаттарының Алматы қаласына сапары барысында азаматтарды қабылдауға арналған кабинет ашылды.

Осымен қатар мәслихат сайтында депутаттардың виртуалды қабылдауларын және Open Almaty жүйесінде азаматтардың депутаттарға арыз-шағымдарын жолдау үшін бөлімдер ашу жоспарлануда.

«Халыққа жария депутат» атты алматылық жоба аясында депутаттардың тұрғындармен өзара әрекеттестігін жеңілдетуге және азаматтарды қабылдау бойынша құралдарды кеңейту көзделуде.

Мәслихат депутаттары аудан әкімдерінің және қала әкімінің барлық есепті кездесулеріне қатысты өзекті сұрақтар жұмысқа алынды.

Аудандар бойынша депутаттардың халықпен кездесулерінің жүйелік кестесі әзірленуде, бұл жұмысқа өзін-өзі басқару комитеттерін белсенді түрде тарту жоспарланған.

Тұрғындар тарапынан жиі көтерілетін сұрақтар бойынша тұрақты депутаттық комиссиялардың нысандарға жұмыс сапарларымен баруы жолға қойылған. Қала тіршілігінің аса өзекті сұрақтары бойынша «Депутаттық бақылау» жобасын жүзеге асыру жоспарлануда.

Сыртқы коммуникациялар және пікір көшбасшыларымен жұмыс. Бұқарлық ақпарат құралдарының және қоғамдық пікір көшбасшыларымен тиімді ынтымақтастық қалыптастыру бойынша сарапшылармен және саясаттанушылармен кеңесулер өткізілді.

Президент тапсырмасына сәйкес мәслихат сессияларының онлайн трансляцияларын өткізу тәжірибесі басталды. Бұл бастама

бұқаралық ақпарат құралдарының және медиа қауымдастық арасында жағымды пікірлер қалыптастырды.

Мәслихатта алғаш рет бұқаралық коммуникациялар қызметі құрылды және баспасөз хатшысы бірлігі енгізілді. Мәслихат іс-шараларының медиа контент-жоспары әзірленді. Қала мәслихаты тарапынан қабылданып жатқан маңызды шешімдерді кеңінен жариялау және түсіндіру үшін блогерлер мен журналистердің пулы жасалуда. Алматы телеарнасында «Депутатпен жүздесу» атты арнайы айдар ашу жоспарда бар.

Тұрғындардың жаппай вакцинациялануын насихаттау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен бір топ депутаттар вакцинациялаудан өтті.

Мәслихаттың әлеуметтік желілерінің белсенділігі арттырылды, «Facebook», «Telegram», «Twitter» және «YouTube»-те аккаунттар ашылды. Мәслихат сайты жаңарту жоспарлануда. «Akimat Life» жобасының аналогиясы ретінде депутаттардың тікелей эфирлерін өткізу жоспарланған.

Мәслихат комиссияларының қарастыруы үшін азаматтардың өтініштерінің және бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде резонанс тудырған оқиғаларды мониторингілеу жүргізілуде.

Қоғам пікірінің көшбасшыларымен, сарапшылармен және жастармен өзара ынтымақтастық орнату үшін мәслихат жанында Сарапшылық кеңес және Жастар кеңесін құру көзделуде. Аталмыш алаңдарда тың идеялар жинақталып, өзекті сұрақтар конструктивті түрде талқыланып, түсіндірілетін болады.

Аталып өткен шаралар Алматы қаласы мәслихаты жұмысының негізгі бөлігі болып табылады. Жалпы мәслихат өзіне жүктелген ауқымды міндеттерді үлкен жауапкершілікпен атқарып келеді.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, Парламент Сенатының жанындағы жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес аса маңызды алаң болып табылады. Мәслихат өкілдері өздерінің пікірлері мен ұсыныстарын айта алады және өңірлік әріптестермен тәжірибе алмасуға мүмкіндіктері зор.

Бүгінгі бас қосуды жоғары дәрежеде ұйымдастырғаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Станислав Владимирович, өте мазмұнды сөздеріңізге рақмет. Расында Алматы қалалық мәслихаттың жұмысының тәжірибесі басқа мәслихаттар үшін өте пайдалы және қызықты болып табылады. Менің ойымша, сіз көтерген мәселелерді келесі біздің кеңестің отырысында пікір алмасу ретінде қойсақ дұрыс болады деп ойлаймын.

Келесі сөз Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы Тұмышев Нұри Лазарұлына беріледі.

ТҰМЫШЕВ Н.Л. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Берілген мүмкіндікті пайдалана отырып, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесінің қарсаңында тойланатын Амал мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Келген жыл қуаныштың, аманшылықтың, табыстың жылы болғай, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын деген тілек айтқым келеді.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпы ұлттық іс-шаралар жоспарының 142-тармағының орындалу барысында барлық деңгейдегі мәслихаттар жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында бірқатар шаралардың қарастырылуы қуантарлықтай жағдай. Атап айтқанда:

1) барлық деңгейдегі мәслихаттар жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу;

2) мүдделі мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы және өкілетті органдармен тәсілдерді қарастыру, кеңестер өткізу;

3) мәслихаттарға қол жинау және өңірді дамыту немесе жергілікті проблемалар бойынша петициялар жасау функциясын беру бойынша ұсыныстар беру жөнінде ұсыныстар дайындау;

4) онлайн-трансляцияны ұйымдастыру тәсілдерін айқындау;

5) барлық деңгейдегі мәслихаттардың отырыстарын онлайн-трансляциялаудың техникалық мүмкіндіктерін қарастыру.

Осы тарапта бірқатар ұсыныстар айта кетуге рұқсат етіңіздер.

1. Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік өзін өзі басқару туралы заңның 6-бабында мәслихаттардың құзыреті көрсетілген. Сол көрсетілген құзыреттер бойынша мәслихат аппараты өзінің жұмысын жасайды. Барлық құзыреттілігінің саны 56. Оның ішінде 24 құзыреті барлық мәслихат түрлеріне тиесілі. 26 құзырет тек облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттарына тиесілі. 3 құзырет қала, аудан мәслихаттарына бекітілген. Сонда облыс мәслихаттарына 50 құзырет, ал қала, аудан мәслихаттарына 27 құзырет міндеттелген. Аталған заңның 8-бабының 3-бөлімінің 4-тармағында мәслихат аппаратындағы мемлекеттік қызметкерлер саны 5 депутатқа 1 қызметкер қатынасында белгіленген. Бұл барлық деңгейдегі мәслихаттарға бірдей норма. Алайда облыстық мәслихаттың атқаратын құзыреті, яғни жасалатын жұмыс жүктемесі 58 пайызға қалалық, аудандық мәслихаттардан жоғары екенін өздеріңіз көріп отырсыздар. Бұл жасалатын депутаттық қызметтердің де едәуір көптігін көрсетеді. Соңғы уақыттағы өкілетті органдардың жұмыс сапасын арттыруға бағытталған заңға өзгерістер енгізу процесінде осы мәселелерді ескеріп, облыстық мәслихат аппаратындағы мемлекеттік қызметкерлер санын әрбір 3 депутатқа 1 мемлекеттік қызметкер қатынасында белгілеген дұрыс деп пайымдаймын.

2. Заң жобасының өзгерістері аясында мәслихат пен оның депутаттарының мәртебесін арттыру бойынша Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, облыстардың мәслихаттарының тұрақты комиссиялары төрағаларының босатылған екі лауазымын енгізумен қатар оның өкілеттігін мәслихат хатшысының шешімі бойынша мәслихат тұрақты комиссияларының төрағасы міндетін тиесілі комиссияның депутаты жүзеге асыруға мүмкіндік беру. Бұл тарапта, мысалы, бізде тұрақты комиссиялар бар, оның төрағалары бар, олар беделді азаматтар, бірақ өзінің жасап жүрген жұмысы бар. Оны босатып, мына жұмысқа келу екіталай, сондықтан осы комиссияның жұмысын сол комиссиядағы бір депутатқа да жүктеу мүмкіндігі болса екен деген ұсыныс бергіміз келіп отыр.

3. «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік өзін-өзі басқару туралы» Заңның бұрынғы редакциясында мәслихат хатшысының еңбекақысы аумақтық жергілікті әкімінің бірінші орынбасарының еңбекақысымен теңестірілген болатын. Осыны ескере отырып мәслихат хатшысының еңбекақысын аумақтық жергілікті әкімнің бірінші орынбасарының еңбекақысымен теңестіруге және босатылған мәслихаттардың тұрақты комиссия төрағасының еңбекақыларын аумақтық жергілікті басқарма басшыларының еңбекақысымен теңестіруді дұрыс деп ойлаймын.

4. Заң жобасының өзгерістері аясында барлық деңгейдегі мәслихаттарының тұрақты комиссиясының басшысы лауазымы «төраға» деп аталған уақытта, мәслихаттың басшысы лауазымы «хатшы» аталады. Әли Әбдікәрімұлының айтқанына қосылып, келесі кезде мәслихат басшысының аталуын, қызметтік мәртебесін және барлық деңгейдегі жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында «хатшы» атауын «мәслихат төрағасы» немесе «мәслихат спикері» атауымен алмастыруы қарастырылса деп ұсыныс бергім келіп отыр.

5. «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес әр деңгейдегі мәслихаттардың ортасында және мәслихаттар мен Парламент Сенатының ортасында тікелей байланыстың болмағанына байланысты Қазақстан Республикасының депутаттары бірлестігінің жұмысын жандандыруды ұсынамын.

Бірлестік арқылы барлық деңгейдегі мәслихаттардың және мәслихаттар мен Парламент Сенатының ортасындағы тығыз байланысты орнату қажет деп есептеймін және де келесі осы бірлестіктің отырысын Маңғыстау облысында өткізуге өзім ұсыныс бергім отыр.

Баяндама аяқталды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұри Лазарұлы.

Өздеріңіз білетіндей, осы біздің кеңестің жұмысы барысында

мәслихаттардың қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар бірнеше рет талқыланған. Бірқатар ұсыныстар заңға енді, бірақ әзірге олар бойынша түпкілікті шешім қабылданған жоқ. Кеңес өз құзыреті шеңберінде осы мәселелерді шешуге жәрдемдеседі.

Келесі сөз Қостанай облысы Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы Елтебаева Гүлбану Төкенқызына беріледі.

ЕЛТЕБАЕВА Г.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар және кеңеске қатысушылар! Сіздерді жергілікті өкілді органдармен өзара байланыс жөніндегі кеңестің бүгінгі бірлескен отырысында көргеніме қуаныштымын.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз сөздерінің бірінде: «Жергілікті өзін-өзі басқару – Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының базалық негіздерінің бірі» – деп атап өтті. Мәслихаттар бүгінде саяси және әлеуметтік-экономикалық шешімдер қабылдауға ықпал ететін қоғамдық өмірдің тиімді құрамдас бөлігіне айналды. Жергілікті өзін-өзі басқару азаматтардың әлеуметтік белсенділігі арқылы барлық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, сол арқылы олардың билікке сенімін арттырады және шешімдер қабылдауда шынайы қатысуын қамтамасыз етеді.

Мәслихаттың негізгі принципі – жергілікті атқарушы органдармен тығыз байланыста жұмыс жасай отырып, ортақ нәтижеге жету үшін бірлескен іс-қимыл жасау.

Депутаттар мәслихат жұмысына қатыса отырып, әлеуметтік, мәдени дамудың, құрылыстың аса маңызды мәселелерін шешуді, заңға тәуелді актілер мен басқа да шешімдерді өз құзыретіне сәйкес қабылдауды, Қазақстан Республикасы заңдарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімдерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырып отырады. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар арасындағы өзара қарым-қатынастарда мәслихаттардың рөлін күшейту және бекіту қажеттілігі мәслихаттар арасындағы байланысының күрделілігін төмендетпейді. Өртүрлі деңгейдегі мәслихаттар бірлескен іс-шаралар өткізе отырып, бір-бірімен көбірек ынтымақтастық жасай бастайды.

Бүгінде Парламент депутаттары мен мәслихаттардың өзара қарым-қатынастары тек бастамашылық негізінде құрылып жатқанын да атап айтып кету керек. Жергілікті өкілді органдардың және Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының арасындағы қарым-қатынас мәселесі өзекті болып отыр. Парламенттің облыстық, қалалық және аудандық өкілді органдармен байланысы оңтайландырылған әрі тұрақты болуға тиіс деп санаймын. Сондай-ақ Парламенттің мәслихаттарға әдістемелік және консультативтік көмек көрсетуі жөніндегі жұмысты жетілдіру қажеттігіне назар аударғым келеді. Осындай жұмыс

шеңберінде бірлескен акциялар, түрлі деңгейдегі іс-шаралар, мәслихат хатшысы мен депутаттардың оқуларын ұйымдастыруға болар еді.

Өкілді органдардың төмен тұрған мәслихаттарға үйлестіру әрекетін әдістемелік және практикалық көмек көрсету жөніндегі міндеттерін заңдастырған жөн.

ТМД-ның бірқатар елдері парламенттерінің үлгісі бойынша біздің жоғары заң шығарушы органымыздың әрбір депутатының өңірлерде мәслихатпен және сайлаушылармен тиісті тұрақты байланысты қамтамасыз ететін көмекшілері болуы оңтайлы әсер етеді.

Қостанай облыстық мәслихаты аудандық және қалалық мәслихат депутаттарына және аппарат қызметкерлеріне семинарлар ұйымдастырып, оқытуға тұрақты негізде көмек көрсетеді, әдістемелік және анықтамалық материалдар жібереді, тұрақты комиссиялардың көшпелі отырыстарын өткізіп отырады.

Жақында өткен сайлау қорытындысы бойынша Арқалық қалалық мәслихатына 11 депутат сайланды. Депутаттық корпус алтыншы шақырылыммен салыстырғанда екі депутатқа азайды.

Сайлау қорытындысы бойынша «Nur Otan» партиясынан 9 мандат, «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы мен «Adal» саяси партиясы арасында бір мандаттан бөлінді.

Қалалық мәслихаттың биылғы жетінші шақырылымының құрамы алдыңғы шақырылыммен салыстырғанда үштің бірінен астамы жанартылды. Он бір депутаттың жетеуінде депутаттық жұмыс тәжірибесі бар, төрт депутат алғаш рет сайланды. Депутаттық құрамға білім беру, мәдениет, журналистика, кәсіпкерлік, архив, жастар ұйымы және азаматтардың өзін-өзі жұмыспен қамтыған санаттарының өкілі сияқты қызмет салалары ұсынылған.

Алдыңғы жылдарға қарағанда депутаттардың қазіргі құрамы бірыңғай сайлау округі бойынша сайланды. Әр округ бойынша сайлау принципі депутаттың өз округының сайлаушылары алдындағы жеке жауапкершілігін білдіреді. Бұл формат ыңғайлы болатын, өйткені сайлаушы өзінің тұрғылықты жеріне сүйене отырып, өз мәселелерін шешу үшін қандай депутатқа жүгінетінін білетін еді. Алайда қазіргі жағдайда депутаттар бірыңғай сайлау округі бойынша барлық сайлаушылары үшін жауапты болған кезде жеке депутаттық есеп беру біршама бұлыңғыр күйге түсті.

Арқалық қаласының аумағы 15 мың 587 шаршы шақырымды құрайды. Қаланың әкімшілік-аумақтық бағынысында 16 ауылдық елді мекен бар. Қаладан тыс ауылдардың қашықтығы 80, 100 және 125 шақырым. Депутаттардың сайлаушылармен тиімді жұмысты қамтамасыз ету үшін жиі кездесулер өткізуі қажет. Көліктің, жанар-жағар майдың болмауына байланысты олардың ауылдарға жиі баруға мүмкіндігі бола бермейді. Ауылдарға іссапарларға бару үшін

шығындарды қаржыландыру көзделмеген, бұл депутаттардың халықпен жұмысының тиімділігін айтарлықтай төмендетеді.

Өздеріңіз білетіндей, қалалық мәслихат депутаттары қоғамдық негізде негізгі жұмысымен бірге депутаттық қызметін біріктіреді.

Карантиндік іс-шаралар депутаттық жұмысқа түзетулер енгізді, бірақ тоқтатпады. Сайлаушылардың мәселелерін білу және олармен тұрақты байланыста болу үшін Арқалық қалалық мәслихатының депутаттары өз жұмысында онлайн тәсілдерді, канвассингті белсенді пайдаланады, жеке қабылдаулар, тікелей эфир жүргізеді, интернет-платформаларда «Депутатқа сұрақ қой» акцияларын өткізіп отырады.

Өздеріңіз білетіндей, мәслихат штаты саны аз, барлығы 5 адам, оны жаңа біраз адам атап өтті. Онлайн-трансляциялар, басқа да әртүрлі іс-шаралар өткізуге байланысты біздің мәслихат аппаратына компьютерлік-техникалық операторлар қажет болып тұр және баспасөзбен және интернет кеңістікте ылғи жариялау міндеті тұрғандығына байланысты бүгінгі күні баспасөз хатшысы лауазымын қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Біздің ойымызша, бұл мамандар бағдарламалар мен жабдықтардың санына қарамастан әр мекеме үшін сан нормаларынан тыс ескерілуі керек сияқты. Бұл ұсыныс Қостанай облыстық мәслихаты мен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне де жіберілген болатын.

Арқалық қалалық мәслихаты қалалық қоғамдық кеңесімен белсенді өзара іс-қимыл жасайды. Ерекше маңызы бар мәселелер бойынша депутаттардың қоғамдық кеңес мүшелерімен бірлескен отырыстары кезең-кезеңімен өткізіліп тұрады. Мысалы, қала әкімінің, мемлекеттік органдар басшыларының есептерін тыңдау, ауылдарды оңтайландыру, облыстың уақыт белдеулерін өзгерту бойынша бірлескен отырыстар өткізілді.

Қоғамдық кеңестер қандай да бір жобалар бойынша сапалы мониторингті немесе бағалауды қамтамасыз ету талап етілетін кезде сарапшыларды тарту проблемасына жиі тап болады. Мұның бәрі белгілі бір мәселелерді бағалау кезінде мамандарды тарту үшін жергілікті жерлердегі қоғамдық кеңестердің қызметін дербес қаржыландырудың нақты әзірленген тетігін талап етеді. Қоғамдық кеңестерді өз бетінше қаржыландыру оларға өз жұмысында қандай да бір ұйымдардан тәуелсіз болуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе мәслихаттардың өкілеттіктерін кеңейту, дербестікті және олардың Парламентпен байланысын күшейту неғұрлым тиімді қызмет етуге, халықтың жүргізіліп жатқан реформаларға сенімін арттыруға, әртүрлі қоғамдық-саяси күштердің сындарлы диалогын кеңейтуге алғашқы шарттары екенін атап өткім келеді. Бұл жергілікті билік органдары бастамасының өсуі мен реформалардың нәтижелілігі арта түсетініне күмәнім жоқ.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті кеңеске қатысушылар, назарларыңызға рақмет. Келе жатқан Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

ТӨРАҒА. Рақмет, Гүлбану Төкенқызы. Сіз бірнеше маңызды мәселелерді көтердіңіз:

1) Парламенттің мәслихаттарға әдістемелік және консультативтік көмек көрсетуі жөніндегі жұмысты жетілдіру бойынша;

2) мәслихаттар аппараттарының нормативті саны мен материалдық қамтамасыз ету бойынша;

3) қоғамдық кеңестерді қаржыландыру бойынша.

Әрине, бұл мәселелерді мұқият қарау қажет. Кеңес сіздің ұсыныстарыңызды назарға алады және оларды әрі қарай жұмысында ескереді.

Келесі сөз Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының хатшысы Байғараев Бегімбет Биімбетұлына беріледі.

БАЙҒАРАЕВ Б.Б. Қадірлі Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, құрметті кеңеске қатысушылар! Биыл тәуелсіз Қазақстанымызға 30 жыл толып отыр. Осы жылдар аралығында мемлекетіміздің дамуы жолында заң шығарушы өкілетті орган – Қазақстан Республикасы Парламентінің орны ерекше. Бүгінде қос палаталы заң шығарушы орган мемлекетіміздің дамуына қалтқысыз қызмет етіп келеді.

Ата заңымызда қоғамды демократияландыру процессінде халықтық биліктің негізгі формалары ретінде жергілікті өкілді органдар, мәслихаттар және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына маңызды міндеттер жүктелді, себебі мәслихат халықтың еркін білдіретін жергілікті өкілді орган. Жалпы өз қызметінде мәслихат сыртқы және ішкі қаржылық және инвестициялық саясатқа сәйкес келмейтін, мемлекет мүддесіне қайшы шешімдерді қабылдауға жол бермейді. Есесіне азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Сондықтан мәслихаттарды халықтың атынан өкілдік ететін жергілікті мемлекеттік басқарудың дербес институты деуге толық негіз бар.

Жергілікті өкілетті орган – аудандық мәслихат депутаттары, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясына көрсетілген міндеттер мен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айтылған тапсырмаларды жүзеге асыруға, халықтың әл-ауқатын көтеруге, мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қомақты үлес қосып келеді.

Өздеріңізге белгілі, биыл еліміздің тарихында тұңғыш рет «Nur Otan» праймеризі жалпы республикалық партияшілік сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Түркістан облысы Созақ ауданда «Nur Otan» партиясынан 12, «Ақ жол» партиясынан 1, «Ауыл» партиясынан 1

кандидат аудандық мәслихат депутаттығына сайланды. Бұл еліміздің демократиялық тұрғыдан жаңғыруының жарқын үлгісі деп білеміз.

Бүгінде Созақ аудандық мәслихаты өзінің конституциялық өкілеттігін мәслихат аппараты қызметкерлерімен бірлесе арнайы жұмыс жоспарын құрып, аудан әкімі аппараты, мемлекеттік мекемелермен және ауылдық округтермен тығыз байланыста жұмыс жасап келеді.

Мәслихат өзінің бақылау функциясына заңдылыққа сай зерделеп отырып, атқарушы органдармен өзара тіл табыса, бірлесе отырып, жұмыс істесе ғана жұмыс нәтижелі болатынын өмірдің өзі көрсетіп келеді. Сондықтан аудандық депутаттық корпус пен атқарушы орган арасында өзара түсіністік, іскерлік байланыс, үйлесімді жұмыс қалыптасты. Ауданды өркендетудің перспективалық жоспарлары, түрлі салалар бойынша экономикалық және әлеуметтік бағдарламалар қабылданып, олардың орындалуына бірлесе үлес қосып келеді.

Аудандық мәслихат депутаттары бүгінгі таңда тікелей депутаттық өкілеттіліктермен қатар аудан әкімдігінің жанынан түрлі консультативтік-кеңесші органдардың, ауылдық округтердегі әлеуметтік мәселелерге байланысты құрылған комиссия құрамына ене отырып, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жұмысына белсене араласады.

Депутаттық корпусның құрамы әртүрлі. Олардың ішінде білім беру саласының қызметкерлері, шаруа қожалықтарының төрағалары, үлкен өмірлік және кәсіптік тәжірибесі зор азаматтар мен ғылым саласындағы кандидаттар да бар. Олар озық тәжірибесі мен біліктілігін ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына жұмсайды.

Бізде аудандық мәслихатта 1) «Заңдылық, әлеуметтік қорғау, аумақтық орналастыру жөніндегі» және 2) «Бюджет және экономикалық даму жөніндегі» екі тұрақты комиссия жұмыс жасап келе жатыр.

Тұрақты комиссия мүшелері аудандық мәслихат хатшысының өкімімен сессияның қарауына енгізілген мәселелерді әзірлеу бойынша арнайы құрылған уақытша жұмыс топтарымен бірлесіп, аппарат қызметкерлерінің дайындаған жаднамаларын басшылыққа алып жұмыс жасап келеді, өз құзіретіне сәйкес сұрақтар бойынша жобалық құжаттардың әрқайсысын жеке-жеке талдап, қызу талқылауға ұсынады.

Мәслихат депутаттарынан құрылған ауданымыздағы «Nur Otan» партиясының фракциясы да белсенді жұмыс жасайды. Партияның бағдарламалық құжаттарын түсіндіріп, қоғамдық қабылдаулар, сайлаушылардың жеке сұрақтары бойынша кездесулер өткізіп, қоғамдық еңбек ұжымдарының көкейкесті мәселелерін қарастырып, шешімін табуға атсалысуда.

Халық қалаулылары ауданда өтетін барлық әлеуметтік, саяси іс-шараларға және қайырымдылық шараларға белсенді қатысады.

Елімізде мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы түсіністік көпірі ретінде құрылған қоғамдық кеңестің маңыздылығы да жоғары.

2016 жылдан бері Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспары бойынша 229 қоғамдық кеңес құрылған. Атап айтқанда 16 республикалық және 213 облыстық деңгейдегі қоғамдық кеңестер жұмыс істеп тұр. Олардың жұмысына 4000-ға жуық адам тартылған. Түркістан облысы Созақ ауданында құрылған қоғамдық кеңестің құрамы 2016 жылдан бері екі рет ауысты, жұмыс жасап келеді.

Жергілікті өкілетті орган – аудандық мәслихат жанынан жұмысшы комиссиясы құрылып, қоғамдық кеңестің құрамын сайлап отыр. Қоғамдық кеңесте түрлі саланың беделді өкілдері аузы дуалы ақсақалдардан құралған. Олар аудандағы құқық қорғау органдары мен атқарушы биліктің жұмыс барысын қадағалап отыр.

Сондай-ақ ауданымызда құрылған қоғамдық кеңестің құрамында аудандық мәслихат депутаттары да бар. Олар қоғамдық кеңестің жұмысына тұрақты қатысып өз белсенділіктерін көрсетуде.

Аудандық мәслихат пен оның депутаттары халықпен байланысын одан әрі кеңейту және тереңдету мақсатында халықпен жиі кездесіп, олардың мұң-мұқтажын тыңдап, назарға алады. Әлеуметтік шиеленістердің дер кезінде шешімін табуға ықпал етеді. Аудандық мәслихат депутаттары халықтың қатысуымен жергілікті басқару және өзін-өзі басқару мәселелерін шешуге жәрдемдеседі.

Шын мәнінде бүгінгі мәслихаттардың қоғам өміріндегі мән-маңызы, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуындағы еңбегі, отандастарымыздың күнделікті өмір тіршілігіндегі рөлі арнайы атап өтуге тұрарлық деп есептеймін. Мәслихаттар халық қалаулыларының белсенді жұмысы арқылы қоғамдық дамудың, азаматтық қоғамның жетіліп толысқандығының және оң бастамалардың индикаторына айналып отыр.

Мәслихаттар бүгінде қандай да бір саяси және әлеуметтік шешімдерді қабылдау, не болмаса қабылдамауға ықпал ете алатын қоғамдық өмірдің әрекет етуші компонентіне айналды.

Жалпы, жергілікті халық – халық қалаулысы – атқарушы билік органдары үштік одағы өзінің іс жүзіндегі дәрменділігі мен тиімділігін дәлелдеді. Елімізде берекелі бірлік пен үйлесімді қоғам құрылды. Ұлттық рух оянып, мемлекеттілігіміз жаңғырды.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі кеңес отырысында жергілікті мәслихаттардың рөлін арттыру жөніндегі ұсыныс-пікірлер және жергілікті ауыл округі әкімдерінің бюджеттік рәсімдеу мәселелерінде айтылған ұсыныстар болашақта қабылданып, жергілікті мәслихаттың жұмысын жандандыруға серпін, жаңа пәрмен береді деп есептеймін.

Аудандық мәслихат депутаттарының үнін жеткізуге мүмкіндік бергендеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Сіздерге зор денсаулық және

еліміздің жарқын болашағы үшін жауапты жұмыста мол табыс тілеймін. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бегімбет Биімбетұлы. Сіздің баяндамаңызға сәйкес Созақ ауданының мәслихаты өңірдің әлеуметтік, экономикалық дамуы шеңберінде маңызды шешімдер қабылдау кезінде сайлаушылардың мүдделерін білдіру бойынша жергілікті өкілді органдардың алдына қойылған міндеттерді орындайды.

Кеңес сіздің ақпаратыңызды назарға алады. Рақмет.

Құрметті әріптестер мен шақырылған лауазым иелері! Бағдарламаға сәйкес баяндамашылар толық сөз сөйлеп болды. Басқа сөйлейтіндер бар ма?

САРЫБЕКОВ М.Н. Сәлеметсіздер ме, Сарыбеков Махметғали, Жамбыл облысы мәслихатының хатшысы.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мен Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиевтың баяндамасына қатысты бір сұрақ қойғым келіп отыр. Заңның жобасы Мәжілісте қаралғанда жұмыс тобына қатыстық. Бірінші оқылымнан өтті.

Жаңа министрдің баяндамасына және көрсеткен слайдтарында бір норма айтылмай кетті, соған қатысты сұрақ туып отыр. Соны алып тастады ма, жоқ жәй айтылмай кетті ме? Бұл Бюджеттік кодекске байланысты. Ол жерде ауылдық округтар әкімі аппаратының резервін құру ұсынылған. «Бұл резерв жергілікті қоғамдастықтың бастамасы бойынша кезек күттірмейтін аса қажетті шығындарға жұмсалады және өз кірістерінің 10 пайызынан аспайды» деген норма көрсетілген. Енді осы норма сақталды ма, әлде алынып тасталды ма? Себебі баяндамада, слайдтарда ол норма айтылған жоқ. Егер ол сақталса, онда осы резервті қалыптастыру және пайдалану тәртібін анықтайтын қандай нормативтік құжат болады? Сол туралы айтып кетсеңіз.

ЕРҒАЛИЕВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет. Ондай норма сақталды. Мәжілістің екінші отырысына шығарамыз. Сіз бұл норманы заң жобасында көретін боласыздар.

САРЫБЕКОВ М. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Тағы сөйлейтіндер бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, бүгінгі іс-шарамызды қорытындылауға рұқсат етіңіздер. Кеңес отырысын қорытындылау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Әшімбаев Мәулен Сағатханұлына беріледі.

ӘШІМБАЕВ М.С. Құрметті жиынға қатысушылар, қадірлі әріптестер! Бүгінгі кездесуіміз мазмұнды және пайдалы болды деп ойлаймын. Жақсы ойлар, пікірлер айтылды. Олардың бәрі алдағы жұмыс барысында ескеріледі.

Бүгінгі жиында биліктің аудандық, қалалық және ауылдық деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша заң жобасына қатысты жақсы ұсыныстар айтылды.

Оның бәрі заңды қабылдағанда және осы саладағы басқа да мәселелерді шешу кезінде назарға алынады.

Нүри Лазарұлы, Гүлбану Төкенқызы және басқа да әріптестеріміз мәслихаттардың рөлін күшейтуге байланысты, материалдық жағдайларына байланысты жақсы, ұтымды ұсыныстар айтты деп есептеймін. Әрине, бір заң аясында оның бәрін шешіп тастау қиындау болатын шығар, өйткені жан-жақты мәселелер көтеріліп жатыр. Сондықтан жалпы әрі қарай да Сенат депутаттарымен, комитет мүшелерімен басқа да заңдар қаралған кезде осы мәселелерді ескеретін боламыз.

Әсет Арманұлы, көп мәселе сіздерге де байланысты. Жаңа айтылған сұрақтарды, айтылған пікірлерді өзіңізге түртіп алған шығарсыз деп ойлаймыз. Осында сіздің әріптестеріңіз де отырған шығар, әрі қарай министрліктің жұмысында, жалпы Үкіметтің жұмысында осы мәселелерді ескерулеріңізді сұраймыз.

Жалпы, жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару мәселелері аса маңызды. Сондықтан біз Сенат жанындағы жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің қызметін жандандыруымыз керек.

Жалпы, кеңес жаман жұмыс істеген жоқ, біраз жиындар да өтті. Былтыр жақсы мәселелер көтерілді. Бүгін талқыланып отырған заңға да айтылған көп ұсыныстар кіргізілгенін де атап өтуіміз керек. Дегенмен осы кеңестің жұмысын әрі қарай жандандырайық, нақты сұрақтар көтерейік. Мәслихаттағы әріптестерімізді толғандырып жүрген, халық көтеріп жүрген мәселелерді осында көтеріп, олардың нақты шешілуі туралы мәселелерді талқылауымыз керек.

Бұл жиынды өткізудегі біздің негізгі мақсатымыз сіздерге баяндамалар оқып беріп, әңгімелер айту емес, нақты мәселелерді көтеріп, оларды шешу жолдарын талқылау. Оларды шешу үшін қандай заңдарға өзгерістер енгізу керек, Үкімет не істеу керек, осы мәселелерді көтеру. Сондықтан алдағы уақытта осы тұрғыдан жұмысымызды тағы бір қарап, қандай тақырыптарды көтереміз алдын ала сіздермен ақылдасып, жұмысымыздың тиімділігін арттырамыз деп сенемін.

Кеңес өңірлерді дамытудың, осы саладағы заңнамаларды жетілдірудің өзекті мәселелері талқыланатын беделді алаңға айналуы тиіс. Ол туралы мен жаңа айттым. Осы жерде өңірлердегі маңызды мәселелерді шешу үшін нақты ұсынымдар әзірленуі керек. Сондай-ақ кеңестің маңызды міндеттерінің бірі қабылданатын заңдар мен іске асырылып жатқан бағдарламаларды халыққа жеткізу болуға тиіс деп есептейміз.

Құрметті әріптестер, біз көптеген заңдарды қабылдап жатамыз. Барлығы ел үшін керек заңдар, оларды біз өте мұқият қараймыз. Әрбір заң елдік мүдде тұрғысынан шығатындай, халықтың кәдесіне жарайтындай немесе біздің экономикамыздың салаларын дамытуға өзінің үлесін қосатындай заңдар болады деп жұмысымызды ұйымдастырып отырмыз. Бірақ сол заңдарды әрі қарай халыққа жеткізу мәселесі бар, бизнеске жеткізу мәселесі бар. Мысалы, біз үлкен өзгерістерді Салық кодексіне кіргіздік, кәсіпкерлерге, шағын және орта бизнеске үлкен мүмкіндіктер беретін нормаларды енгіздік. Солар толықтай жетіп жатыр ма, оны жергілікті жерлердегі кәсіпкерлеріміз пайдаланып жатыр ма, Салық кодексіндегі жеңілдіктерді түсініп жатыр ма? Бұл өзекті мәселелердің бірі шығар деп есептейміз. Біз осындай біраз норманы қабылдап жатырмыз, соларды халыққа жеткізуіміз керек, түсіндіруіміз керек. Ол үшін біз сіздерге олардың негізгі ережелерін, қағидаларын айтып беруіміз керек, сіздер әрі қарай халыққа жеткізіп жатсаңыздар бұл заңдардың толықтай жұмыс істеуіне өзінің үлесін қосатыны сөзсіз. Сондықтан осы бағытта да бірге алдағы уақытта нәтижелі жұмыс істейміз деп сенеміз.

Мәслихаттармен және халықпен тиімді кері байланысты қамтамасыз етуге де баса мән берген жөн. Кері байланыс деген өте маңызды бағыттардың бірі шығар, өйткені көп мәселелерді біздің сенаторлар да көтеріп жатады, айтып жатады. Солар халықтың ойынан шығып жатыр ма? Сіздердің ойларыңыздан шығып жатыр ма? Мысалы, біз сауалдарда көтеріп жатқан мәселелеріміз, не заңдарға енгізіп жатқан өзгерістеріміз немесе үкімет сағатында айтылып жатқан пікірлеріміз, сұрақтарымыз сіздердің көңілдеріңізден шыға ма, халық оны қалай қабылдап жатыр, соны да біз біліп отыруымыз керек. Өйткені біздің жұмысымыздың бір ғана мақсаты бар, ол елге, халыққа қызмет ету. Сондықтан сол мәселелердің барлығы халықтың игілігіне жұмыс істейді деп сенеміз, бірақ сіздерден де бізге осы жерде кері байланыс керек, сіздердің айтып отыруларыңыз қажет. Жалпы осы кеңестің негізгі мақсаттарының бірі мәслихаттардан осындай ақпараттарды алып отыру, сіздердің пікірлеріңізді біліп отыру, халықтың пікірін біліп отыру деп есептейміз. Осы жұмысты қалай тиімді ұйымдастыруға болатынын біз ойластыруымыз керек. Кері байланысты біз жүйелі түрде пайдаланып, жұмысымызда үнемі ескеріп отыруымыз керек.

Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, мәслихат депутаттары жергілікті жерлерде сайлаушылардың мүддесін қорғайтын сапалы әрі салмақты шешім қабылдауға ықпал етулері керек.

Сенат жергілікті өкілді органдардың ұсыныстарын қарауға және оларды іске асыру жұмыстарына тиісті көмек беруге қашанда дайын. Жаңа оны айтып жатырмыз. Бұл жерде көп мәселе бар екенін де білеміз,

материалдық тұрғыдан да, құзыреттерге де байланысты, соларды рет-ретімен, кезең-кезеңімен шешуге біз өзіміздің көмегімізді береміз.

Әрине, біраз нәрсе жасалды, бірақ жасалуы керекті үлкен мәселелер бар екені белгілі, сондықтан осы бағыттарда жұмыс істеуге ниет білдіріп отырмыз, соны өзімізге мақсат етіп қойып отырмыз. Сондықтан алдағы уақытта барлығымыз бірлесіп осы бағыттарда бірге жұмыс істейік. Мемлекет басшысы белгілеп берген елімізді жүйелі жаңғырту жұмыстарына барлығымыз бірге қатысайық, сөйтіп барлығымыз елімізді өркендетуге, елімізді жаңа кезеңге шығаруға үлесімізді қосамыз деп сенеміз.

Құрметті әріптестер, баршаңызға отырысқа белсенді қатысқандарыңыз үшін алғысымды білдіремін. Жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілеймін. Келе жатқан Наурыз мейрамы құтты болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын деп тілейік. Әрдайым амандықта жүздесейік. Рақмет. Сау болыңыздар.

ТӨРАҒА. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, кеңес отырысына қатысып, қолдау көрсетіп терең ойлы пікірлер білдіргеніңізге және нақты тапсырмалар бергеніңізге барлық қатысушылардың атынан үлкен рақмет айтуға рұқсат етіңіз.

Құрметті әріптестер, құрметті шақырылғандар! Бүгінгі тыңдауда көптеген мазмұнды ұсыныстар айтылды деп есептеймін.

Отырыстың қорытындысы бойынша хаттама әзірленеді, бекітілген хаттама Сенаттың сайтында жарияланады. Бүгінгі кеңес отырысында көтерілген ұсыныстар қосымша пысықталып, хаттамаға енгізілетін болады.

Тағы бір тоқталатын мәселе, ол кеңестің құрамы. Қазіргі таңда кеңес мүшелері болып табылатын мемлекеттік органдар басшыларының қызметі ауысқанына байланысты кеңес құрамы жаңартылуы тиіс. Сондықтан сіздерге таратылған кеңестің жаңа құрамын бекітуді ұсынамын.

Баршаңызға белсенді қатысқандарыңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Кеңес отырысын жабық деп жариялаймын.

Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ОРЫНДАҒАН:

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы

И. Шыныбаева